

ӘОЖ 342.727

Р.К. Абилшеева

Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ экономика және құқық факультеті,
құқықтану кафедрасының доценті, з.ғ.к. Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: rusita@list.ru

Сөз бостандығы және ақпарат алу еркіндігі

Ғылыми мақалада сөз бостандығы құқығы мен ақпарат еркіндігі, яғни ақпарат алу еркіндігі құқықтарының арақатынасы, өзара байланысы мен құқықтық табиғатының ерекшеліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: адам және азамат, адам құқығы, саяси құқықтар, жеке құқықтар, сөз бостандығы құқығы, ақпарат алу еркіндігі.

R.K. Abilsheeva

Freedom of speech and freedom of access to information

This article touches the concepts of the right to freedom of speech and freedom of access to information, their relationship, features of their legal nature.

Key words: a man and a citizen, human rights, political rights, personal rights, the right to freedom of speech, freedom of access to information.

Р.К. Абилшеева

Свобода слова и свобода доступа к информации

В научной статье рассматриваются понятия «право на свободу слова» и «право на свободу доступа к информации», их взаимосвязь и соотношения, особенности их правовой природы.

Ключевые слова: человек и гражданин, право человека, политические права, личные права, право на свободу слова, право на свободу доступа к информации.

Бүгінгі қоғам ақпараттық қоғам. Ақпараттық қарым-қатынастардың дамуы қоғам өміріне үнемі жаңаша жаңалықтар әкелуде. Бұл өз кезегінде ақпараттар ағынының аясын кеңейтеді.

Ақпараттық қоғамдағы жеке тұлғалардың мүддесі ақпарат алуға деген бостандық, еркіндігінің жүзеге асуымен сабақтасады. Құқық, теңдік, еркіндік, бостандық ұғымдарының өзара үйлесімділікте әрекеттесуі демократиялық қоғамның алғышартын қалыптастырады. Аристотельдің сөзі бойынша «демократиялық құрылыстың негізгі бастамасы – бостандық. Жалпы танылған пікір бойынша тек осындай мемлекеттік құрылыс кезінде барлығы бостандыққа қол жеткізеді, өйткені кез келген демократия оған ұмтылады. Барлық азаматтар

тең құқықтарға ие болуы керек деп көрсетіледі, сондықтан да демократияларда меншігі жоқтар бай адамдарға қарағанда көбірек билікке қол жеткізеді, өйткені олар көпшілікті құрайды, ал демократияда көпшіліктің шешімі жоғарғы күшке ие» [1, 18 б.]. Адам және азаматтардың заңмен тыйым салынбаған қызметтер үшін ақпараттарды пайдалану құқығының мәні қоғамның рухани жаңаруы, құқықтық-әлеуметтік мемлекеттің құрылуы, демократияның қанат жаюымен сипатталады. Себебі бұл қоғам дамуының талабы болып отыр. Бұл мәселе «ҚР ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі Тұжырымдамасында» мемлекеттің әл-ауқатының қажетті шарты болып табылатындықтан ақпараттық саладағы негізгі ұлттық мүдделері

ретінде: 1) азаматтардың ақпаратты алу және таратуға конституциялық құқықтарын іске асыру; 2) ақпараттық қоғамның қалыптасуы және дәйекті дамуы; 3) мемлекеттің әлемдік ақпарат алмасуға тең құқылы қатысуы; 4) елдің бірыңғай ұлттық ақпараттық кеңістігінің қалыптасуы, жұмыс істеуі және қорғалуы; 5) ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың озық дамуы; 6) мемлекеттік билік органдарын тиімді және уақтылы ақпараттық қамтамасыз ету; 7) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ өзге де қорғалатын ақпаратты жоғалту және жария ету фактілеріне жол бермеу; 8) өте маңызды ақпараттық жүйелердің, ресурстар мен қолдаушы инфрақұрылымның жұмыс істеу сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бекітілген» [2].

Аталған мүдделердің ішінде біз қарастырып отырған мәселе ақпарат алу конституциялық құқығымен сабақтасады. Қоғамның ақпараттануы демократияның маңызды белгілерінің бірі деп танылады. Қазіргі кездегі ақпараттық кеңістіктің құқықтық қырларын зерттеп жүрген ғалымдар жеке тұлғалардың ақпарат алу құқығын жүзеге асыру саласындағы құқықтық мәртебесінің мәнін үш жақты негіз бойынша анықтауды ұсынады. Осы көзқарасқа қатысты заңгер ғалым А.Е. Жатқанбаева келесідей пікір білдіреді: «... существует как минимум три грани определения правового статуса личности в области реализации права на информацию, а именно: конституционно-правовая; содержательная; процессуальная» [3].

Бұл мәселеде ақпарат алу еркіндігі құқығының конституциялық құқықтық қырына үнілер болсақ оның негізінің Ата Заңда бекітілгендігіне назар аударуымыз керек. Ақпарат алу еркіндігі құқығының жүзеге асу кепілдігі қамтамасыз етілген. Алайда бүгінгі заңи практикада сөз бостандығы құқығының ақпарат еркіндігі құқығына қатынасы туралы ортақ ұғым қалыптасып орнықты деп қорытынды жасауға ертерек. Өйткені қазіргі отандық заң ғылымындағы ғылыми зерттеулер ақпарат еркіндігін демократиялық қоғамды дамытудың негізгі белгісі ретінде танылатын мемлекеттік басқарудағы жариялылық, ашықтық қағидаларымен тығыз астастық бағытында болып отырғандығымен байланысты болар деп ойлаймыз.

Адам құқықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияда: «Каждый человек имеет право

на свободу выражения своего мнения. Это право включает свободу придерживаться своего мнения, получать и распространять информацию и идеи без вмешательства со стороны государственных органов и независимо от государственных границ» деп көрсетілген [4]. Бұл бекітілген негіздеме өзара байланысты екі бостандықты, яғни пікір білдіру еркіндігі мен ақпарат еркіндігін нақтылай түседі.

Мазмұндық негізіне үңілсек сөз бостандығы құқығын адамның жеке құқықтарының, азаматтардың саяси құқықтарының бір түрі ретінде тануға болады. Конституциялық құқықтарды жіктеп топтастыру мәселесінде ғалымдар пікірі бірнеше топқа бөлінеді. Ғалымдардың бір тобы сөз бостандығы мен ақпарат еркіндігін саяси құқықтар топтамасына енгізсе, екінші бір ғалымдар тобы бұл құқықтарды жеке құқықтар тобына топтастырады. Мәселен, әйгілі кеңестік ғалым Н.В. Витрук пікір бостандығын азаматтардың саяси құқықтарына топтастырады [5, 97 б.]. Ал қазақстандық заңгер ғалым Ғ.С. Дулатов: «Шынымен де, сөз бен баспасөз бостандығын Қазақстан аумағындағы кез келген шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ тұлға да пайдаланады. Сол сияқты одақтар құру немесе жиындар өткізу бостандығы да кез келген адам баласына тән. Мысалы, біздің елімізде оқып жатқан шетелдік студенттер өздерінің жерлестер ұйымдарын құруға толық құқығы бар, сол сияқты олар бұл құқықты жүзеге асыру барысында жиналыстар өткізу құқығына да ие болады. Оларға қойылатын жалғыз талап ҚР Конституциясы мен заңнамасына қайшы келмесе болды. Демек, бұл топтағы құқықтардың саяси сипатынан гөрі азаматтық (жеке) сипаты басым деп ойлаймыз» деп тұжырымдайды [6]. Бұл көзқарастардың қайсысын алып қарасақта олардың маңыздылығы сөз бостандығы мен пікір еркіндігін жеке-жеке құқықтар ретінде мойындайтындығы. Біздің көзқарасымызбен ұштасар тұсы да осы мәні болып отыр. Біздің негізгі ұстанымымыз да осы сөз бостандығы мен ақпарат еркіндігін біртұтастық жүйенің құрамында қарастыру емес, керісінше олардың әрқайсысының жеке тұрғыдағы мазмұны мен мәнінің ерекшеліктерін қарастырып, аражігін ажырату. Себебі сөз бостандығын жеке құқық емес тұтас жүйенің бөлшегі ретінде қарастыратын ғылыми көзқарастар да бар.

Кейбір ғалымдар сөз бостандығын ақпарат

еркіндігі құқығының құрамдас бөлшегі ретінде қарастырады. Мәселен, Н.С. Колесова сөз бостандығының үш құрылымдық элементін ажыратып көрсетеді: «1. свобода каждого человека выражать свои мысли, идеи и суждения при условии следования предписанием закона; 2. свобода печати и других средств массовой информации как свобода от цензуры и право на создание и использование органов информации, позволяющее материализовать свободу мнений и убеждений; 3. право быть информированным, то есть иметь доступ к источникам информации» [7].

Алайда бұл құқықтар мен бостандықтардың құқықтық табиғаты ақпарат алу еркіндігінің сөз бостандығының жүзеге асу кепілі бола алатындығын айғақтайды. Өйткені сөз бостандығы құқығы ұғымының мәні адамның өз бетінше ойлау, пікірі мен сенімін, идеяларын еркін түрде сөз арқылы жеткізе алу мүмкіндігі деп қарастырсақ бұл ақпараттық қатынастың, ақпараттық үрдістердің жүзеге асуының алғышарты болып табылады. Осы тұста ақпарат алу еркіндігі құқығын мемлекеттік басқару мәселесімен ұштастықта зерттеп жүрген ғалым А.Т. Ибрагимовтың пікірімен толықтай келісеміз. Оның пікірінше, сөз бостандығы өз жүзеге асуында мемлекеттің араласпауын талап

ететін болса ақпарат алу еркіндігі тікелей мемлекет пен нақты тұлғаның ынтымақтастығын қажет етеді. Себебі бұл процесте адамның ақпарат алу еркіндігі құқығын пайдалана алуы үшін мемлекет барлық жағдайды жасаушы белсенді қатысушы болады [8]. Демек, бұл құқықтардың жеке тұрғыдағы құқықтық табиғаты өзара өзгешеліктерге ие.

Сөз бостандығы мен ақпарат еркіндігінің аражігін ажырату үшін сөздің негізгі қасиеті ақпаратты тасымалдаушы, жеткізуші екендігіне назар аудару қажет. Кез келген ақпарат адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижесінде туындайды, ал бұл нәтижелер сөз арқылы тасымалданады, жеткізіледі. Міне, сондықтан да ақпарат еркіндігі сөз бостандығы құқығының жүзеге асуына кепілдік береді. Аталған ұғымдардың аражігін ажыратып, өзіндік мәнін толық ашатын түсіндірме бүгінгі таңда елімізде арнайы құқықтық тұрғыдан құжатталмаған. Сондықтан да ғылыми айналым шеңберінде ғалымдар пікірінің де бірнеше топқа бөлінуі қалыпты жағдай деуге болады. Егер елімізде ақпараттық кеңістіктің құқықтық табиғатын, ақпарат еркіндігінің мазмұнын толық ашып бере алатындай доктрина қалыптасқан болса бұл мәселе оңтайлы шешімін табар еді деген пікірдеміз.

Әдебиеттер

- 1 Аристотель. Политика // Право быть равными: сб. статей, речей, мнений. – Алматы: Жеті Жарғы, 1995. – С.18-24.
- 2 ҚР ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі Тұжырымдамасы // www.adilet.zan.kz
- 3 Жатқанбаева А.Е. Конституционно-правовые основы права на свободу получения информации // Вестник КазНУ имени Аль-Фараби. – 2012. – №5. – С. 61-69.
- 4 Международные акты о правах человека. Сб. документов. – М., 1998. – С.15.
- 5 Права личности в социалистическом обществе / Отв. ред. В.Н. Кудрявцев, М.С. Строгович. – М.: Наука, 1981. – 272 с.
- 6 Дулатов Ф.С. Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары мен бостандықтары: заң ғыл... канд... диссер... – Алматы, 2010. – 170 б.
- 7 Колесова Н.С. Свобода слова – неотъемлемый элемент демократического политического процесса // Права человека и политическое реформирование. М., 1997. – С. 127-133.
- 8 Ибрагимов А.Т. Конституционно-правовые основы обеспечения свободы доступа к информации о деятельности органов государственного управления Республики Казахстан: дисс... на соиск... уч. степени канд... юрид... наук. – Алматы. – 2010. – 130 с.

References

- 1 Aristotle . Politics // The right to be equal: Fri. articles, speeches, opinions. – Almaty,1995. – P.18-24.
- 2 The concept of information security of the Republic of Kazakhstan // www.adilet.zan.kz
- 3 Zhatkanbaeva AE Constitutional and legal framework of the right to freedom of information // Bulletin of the al-Farabi. - 2012. - № 5. - S. 61-69.
- 4 The international instruments on human rights. Sat documents. Moscow, 1998. - C.15.
- 5 Rights of the individual in socialist society / Ed. V.N Kudryavtsev, M.S Strogovich. – Moscow,1981. – 272.
- 6 Dulatov G.S. political rights and freedoms of citizens of the Republic of Kazakhstan: Candidate dissertation. Almaty. – 2010. – 170 p.
- 7 Kolesov, NS Freedom of speech - an essential element of a democratic political process // Human rights and political reform. – Moscow, 1997. – S. 127-133.
- 8 AT Ibragimov Constitutional and legal framework to ensure freedom of access to information about the activities of government of the Republic of Kazakhstan : diss ... on competition ... uch. the degree of Candidate of Sciences jurid . – Almaty, 2010 . – 130.